

«Қарғанды облысы Әділет департаменті» ММ  
 20 24 ж. «21 » 07  
**ЗАҢДЫ ТҮЛГАҒА**  
 мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді  
 БСН 000 640 005 407  
 Алғашқы тіркелген күні 2024 19.07



Қарғанды облысының  
 экономика басқармасы» ММ  
 басшысының  
 2024 жылғы «14 » 11  
 № 166 бұйрығына  
 қосымша

«Қарғанды облысы Әділет департаменті» ММ  
 20 25 ж. «29 » 07  
**ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН**  
**ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕҢГІЗІЛДІ**  
 Бұйрық № 4-1-9 / 11

«Қарғанды облысының  
 экономика басқармасы» ММ  
 басшысының  
 2021 жылғы 8 қантардағы  
 №28 бұйрығымен  
 БЕКІТІЛГЕН

Қарғанды облысы білім басқармасының  
 Нұра ауданы білім белгілімінің  
 «Нұра жалпы білім беретін мектебі»  
 коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
**ЖАРҒЫСЫ**

Қарғанды 2024 жыл

### **3-тaraу. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары**

11. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні:

- 1) жеке тұлға, қоғам, мемлекет мүддесінде оқыту және тәрбиелеу;
- 2) баланың жеке басын жан-жақты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- 3) білім алушылардың өздігінен білім алуға және қосымша білім алуға қажеттілігін қанагаттандыру.

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаттары:

1) ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде тұлғаның қалыптасуына, дамуына бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықтың дамуына жағдай жасау арқылы интеллектіні байыту;

3) белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

4) отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне баулу; қазақ және Қазақстан Республикасының басқа да халықтарының тарихын, салт-дәстүрлері мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік, орыс, шетел (ағылшын, неміс) және басқа да тілдерді менгеру;

5) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

6) білім алушылардың кәсіби уәждемесін қамтамасыз ету;

7) қоғамдағы өмірге бейімделген, терендетілген және кеңейтілген білім беру бағдарламаларын саналы таңдауға және игеруге дайын, мәдени деңгейі жоғары интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру;

8) ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;

9) білім алушылардың жалпы орта білім алу кезінде мектеп жанындағы интернатта қолайлы және қауіпсіз жағдайларда тұруын қамтамасыз ету болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) азаматтардың Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдендірілген тегін орта білім алу құқығын, белгіленген жалпыға міндетті білім беру стандарттарын іске асыру;

2) жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы менгеруді қамтамасыз ету;

3) білім алу үшін жағдайлар жасау, балалардың интеллектуалды, тұлғалық, әлеуметтік, физикалық, шығармашылық дамуын қамтамасыз ету;

4) білім алушылардың білім беру саласындағы заңнамаға сәйкес жасалған тиісті мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандартында көзделген базалық білім негіздерін алуын қамтамасыз ету;

5) білім алушыларды азаматтыққа және патриотизмге, өз Отанына – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халықтық дәстүрлерді құрметтеуге, конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;

6) белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, тұлғаның өз құқықтары мен міндettтеріне саналы қатынасын қалыптастыру.

Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес оқыту нысандарын, құралдары мен әдісін, сондай-ақ оқу-тәрбие үрдісін, ғылыми-педагогикалық қызметті ұйымдастыру тәртібін дербес таңдайды.

Оқу-тәрбие қызметі мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттары негізінде әзірленген және жалпыға міндettі негізгі және қосымша бағдарламаларды игеруді іске асыратын оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік мекеменің бағдарламалары мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің үлгілік бағдарламаларына сүйенеді.

Мемлекеттік мекемеде оқыту қазақ тілінде жүргізіледі.

Жұмыс оқу жоспарының вариативті бөлігі:

жеке таңдау, жеке даму бағдарламасы, оқытудың инновациялық технологияларын қолдану;

мемлекеттік мекеменің мақсаттары мен міндettтеріне жауап беретін қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жаңа оқу бағдарламаларын, дамытушы пәндерді енгізу арқылы;

тұлғаның жалпы мәдени дамуына ықпал ететін, дүниетаным мен гуманистік сананы қалыптастыратын, шындықты танудың әмбебап тәсілдерін меңгеруге, білім алушылардың ойлау қызметін дамытуға бағытталған пәндер мен курсарды енгізу.

Мемлекеттік мекеменің құрылымы:

әкімшілік (директор және оның орынбасарлары);

әдістемелік кеңес, педагогикалық кеңес, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес, қамқоршылық кеңес, жалпы мектептік ата-аналар комитеті, сыныптық ата-аналар комитеті, пәндік әдістемелік бірлестіктер;

сынып, топ – мемлекеттік мекеменің негізгі құрылымдық бірлігі;

интернат – мемлекеттік мекеменің құрылымдық бірлігі.

Білім беру деңгейлері:

бастауыш білім беру (1-4 сыныптар) негізгі стратегиялық бағыт кіші жастағы оқушының жеке қабілеттерін ашуға, қызметтің негізгі салаларында бастапқы бағдарлауды және окуды он ынталандыру негізінде шығармашылықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыруға, балалардың психофизикалық, интеллектуалдық және музикалық дамуы үшін жағдай жасауға

мүмкіндік беретін дамытушы оқыту болып табылады. Оқу бағдарламасын менгеру мерзімі – 4 жыл;

негізгі орта білім беру (5-9 сыныптар) мазмұнын жаңартуға бағытталған базалық әмбебап білім беруді қамтамасыз етеді, анағұрлым күрделі танымдық процестерге көшу үшін арнайы біліктер мен дағдыларды қалыптастырады; жалпы дамытушы және арнайы курсарды таңдауды қамтамасыз етеді, оқушылардың жеке оқыту жүйесін құруына мүмкіндік жасайды. Азаматтық пен патриотизмді, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуді, халық дәстүрлерін құрметтеуді, кез келген конституцияға қарсы және қоғамға қарсы көріністерге тәзбеушілікті тәрбиелеу. Білім алушыларды қасіптік бағдарлауды қамтамасыз ету. Негізгі орта білім беру жалпы орта білім алу үшін база болып табылады. Әрбір пәннің мазмұнын зерделеу негізгі орта білім беру деңгейінде аяқталады. Негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын менгеру мерзімі – 5 жыл;

жалпы орта білім беру (10-11 сыныптар) білім алушының шығармашылық қабілеттерінің қызығушылығы мен танымын дамытуды, оқытуды саралау негізінде дербес оқу іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Міндетті пәндерден басқа жеке тұлғаның мұдделерін, қабілеттері мен мүмкіндіктерін іске асыру мақсатында білім алушылардың өздері таңдаған пәндер, яғни гуманитарлық немесе жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша бейіндік оқыту енгізіледі. Жалпы орта білім бастауыш қасіптік, орта қасіптік (қысқартылған, жеделдетілген бағдарламалар бойынша) және жоғары қасіптік білім алу үшін негіз болып табылады. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі – 2 жыл.

Мемлекеттік мекеме оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын мемлекеттік мекеме ғимаратынан тыс жерде өткізуге құқылы (мәдениет мекемелері, спорт ғимараттары, әскери нысандар, ғылыми-зерттеу зертханалары, өндірістік қасіпорындар, қосымша білім беру ұйымдары және т.б.).

Тізбесі мемлекеттік білім беру стандартында айқындалған пәндерді оқыту кезінде сыныптар 2 кіші топқа бөлінуі мүмкін. Егер мемлекеттік мекеме мәртебесі бойынша шағын жинақты мектепке жататын болса, онда оқу-тәрбие процесі әртүрлі жастағы білім алушылардың аралас сыныптарда окуын есепке алуға сәйкес қамтамасыз етіледі. Шағын жинақталған мектептердегі сыныптардың толымдылығына 3-10 немесе одан да көп адам рұқсат етіледі. 1, 4-сыныптар мен бітіруші сыныптардың білім алушыларын бірлесіп оқытуға жол берілмейді.

Мемлекеттік мекеме деңсаулық жағдайы туралы медициналық қорытындыға сәйкес оқушылармен үйде сабак өткізуі қамтамасыз етеді. Нұсқаулықтарға сәйкес аптасына оқу сағаттарының саны бөлінеді, кесте жасалады, мемлекеттік мекеме директорының бүйрығымен педагогтардың дербес құрамы айқындалады, өткізілген сабактардың журналы жүргізіледі. Ата-аналар немесе өзге де занды өкілдер үйде сабак өткізу үшін жағдай жасауға міндетті.

Тиісті контингент көрсетілген сыйыптар жиынтығы Қарағанды облысы білім басқармасының «Нұра ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысымен келісіледі. Сыйыптар жиынтығын қалыптастыруға мемлекеттік мекеменің директоры дербес жауапты болады. Сыйыптардағы окушылар саны мемлекеттік мекемеге тікелей бөлінетін бюджет қаражаты ескеріле отырып, санитариялық нормативтер сақталған жағдайда қолданыстағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес белгіленеді.

Оқу сабактары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен басталады және аяқталады. Оқу жылдың ұзақтығы, оның ішінде оқу апталары мен каникулдардың саны білім беру саласындағы мемлекеттік стандарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілеріне сәйкес айқындалады.

Мемлекеттік мекемеде келесі жұмыс және сабак тәртібі белгіленуі мүмкін: бірінші ауысымда сабактың басталуы – сағат 8:00-де (8:30-да), екінші ауысымда – сағат 13:30-да (14:00-де). Сабак кестесін мемлекеттік мекеменің директоры не оның орнындағы адам бекітеді. Сабак кестесінде оқу сабактарының күн сайынғы саны, ұзақтығы мен реттілігі, сондай-ақ сабактар арасындағы үзілістердің ұзақтығы көрсетіледі. Мемлекеттік мекемедегі сабак кестесінің мәселелері «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» қолданыстағы санитариялық қағидалармен реттеледі. Сабак кестесі уәкілетті органдар және (немесе) лауазымды адамдар белгілеген шектеу шараларына негізделген эпидемиологиялық жағдайға сәйкес өзгеруі мүмкін.

Сабактар арасындағы үзілістер кезінде педагогтар үшін білім алушылармен бір мезгілде демалу және тамақтану уақыты Ішкі тәртіп ережелерімен айқындалады.

Мемлекеттік мекемедегі тәртіп білім алушылардың, педагогтардың адамгершілік қадір-қасиетін құрметтеуге негізделеді. Білім алушыларға қатысты физикалық және психикалық зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға жол берілмейді.

Мемлекеттік мекеме оқу-тәрбие процесін жүргізуге қолайлы жағдайлар жасау, оқушылардың аурушаңдығының алдын алу және азайту, санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтау, емдеу іс-шараларын жүргізу, медициналық тексеруден өту мақсатында денсаулық сақтау ұйымымен (емханамен) білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуге шарт жасасады, оның ішінде медбике де білім алушыларға медициналық қызмет көрсетеді, ол мемлекеттік мекеменің әкімшілігімен және педагогтарымен қатар білім алушылардың денсаулығы мен физикалық дамуына жауапты болады.

Мемлекеттік мекеменің директоры ата-аналар комитетінің, қамқоршылық кеңестің келісімі бойынша мектеп формасын мемлекеттік мекемеде белгіленген тиісті стильде және оны киіп жүру тәртібімен бекітеді.

Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26

бүйрығында айқындалған жалпы талаптарға сәйкес келуге тиіс. Мектеп формасының ұлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, ұшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасының түсі қалыпты және ашық емес түстерден таңдалады. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.

Мемлекеттік мекемеде саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдардың ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне жол берілмейді.

Мемлекеттік мекеме инклюзивті білім беру мақсаттарын іске асыра отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алуы, дамуының бұзылуын түзету және білім берудің барлық деңгейлерінде әлеуметтік бейімделуі үшін арнайы жағдайларды қамтамасыз етеді. Мемлекеттік мекемеде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды ата-аналарының немесе өзге де занды өкілдерінің мүдделерін ескере отырып, ұлгілік оқу бағдарламасы бойынша жалпы сыныпта (екі баладан аспайтын), оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша және (немесе) арнайы оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша дамудағы бұзушылықтардың түрлері бойынша арнайы сыныптарда оқыту көзделген.

Мемлекеттік мекемеге қабылдау бастауыш, негізгі, орта, жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың ұлгілік қағидаларында айқындалатын құжаттар тізбесіне және мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиісті мемлекеттік стандартына сәйкес жүргізіледі. Сыныптан сыныпқа ауыстыру үлгерім нәтижелері бойынша педагогикалық кеңестің шешімімен жүргізіледі.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды атtestаттау жүргізу бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылаудың, аралық және қорытынды атtestаттаудың ұлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Қорытынды атtestаттаудан ойдағыдан өткен бітірушілерге мемлекеттік мекеменің мөрімен расталған тиісті білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

Он алты жасқа дейінгі білім алушыларды Қарағанды облысы білім басқармасының «Нұра ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шешімі бойынша құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, мемлекеттік мекеменің жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін ерекше жағдайларда шығаруға жол беріледі.

Орта білім беру процесіне қатысушылар: білім алушылар, педагогтар, ата-аналар және білім алушылардың өзге де занды өкілдері.

Білім алушылар:

- тегін жалпы орта білім алуға;
- әртүрлі қызмет түрлеріндегі ерекше жетістіктері үшін көтермелебеуге;
- медициналық қызмет көрсетілуіне;
- кітапхана қорын тегін пайдалануға;

қосымша (акылы) білім беру қызметтерін алуға;  
мекемені басқаруға қатысуға;  
адами қадір-қасиетті құрметтеуге, ар-ождан мен ақпарат еркіндігіне, өз пікірі мен сенімін еркін білдіруге құқылы.

Білім алушылар:

мемлекеттік мекеменің жарғысын және ішкі тәртіп ережелерін орындауға;  
адал оқуға және мемлекеттік мекеменің мүлкіне ұқыпты қарауға;  
мемлекеттік мекеменің басқа да білім алушылары мен қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;  
мемлекеттік мекеме белгілеген мектеп формасын киіп жүргүре міндетті.

Ата-аналарының және өзге де занды өкілдері:

білім алушының тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, мемлекеттік мекеме ұсынатын мүмкіндіктер шенберінде оқыту нысанын таңдауға;

қамқоршылық кеңес немесе ата-аналар комитеті арқылы мемлекеттік мекемені басқару органдарының жұмысына қатысуға;

білім алушының үлгеріміне, мінез-құлқына және оку шарттарына қатысты ақпарат алуға;

білім алушыны оқыту және тәрбиелеу проблемалары бойынша консультациялық көмек алуға құқылы.

Ата-аналары және өзге де занды өкілдері:

білім алушының өмір сүруі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, зияткерлік және физикалық дамуын, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз етуге;

білім алушының мектепалды даярлығын қамтамасыз етуге;

мемлекеттік мекеменің жарғысында айқындалған ережелердің орындалуын қамтамасыз етуге;

білім алушының мемлекеттік мекемедегі сабактарға қатысуын қамтамасыз етуге;

білім алушының мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрметпен қарауын қамтамасыз етуге;

мектеп формасына қойылатын талаптардың мемлекеттік мекемеде белгіленген стильде және оны киіп жүру тәртібінде орындалуын қамтамасыз етуге;

ішкі тәртіп ережелерінің орындалуын, мемлекеттік мекеменің мүлкіне ұқыпты қарауды қамтамасыз етуге;

залал келтірілген жағдайда мемлекеттік мекеменің мүлкін толық қалпына келтіруді немесе өтеуді қамтамасыз етуге;

сабактан тыс уақытта, оның ішінде каникул уақытында білім алушының бос уақытын, жұмыспен қамтылуын және тәрбиеленуін ұйымдастыру үшін толық жауапты болуға міндетті.

Мемлекеттік мекемені басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мекемені тікелей басқаруды директор жүзеге асырады.

Директор:

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің біліктілік деңгейі, оқу жоспары мен оку процесінің кестесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының іске асырылуы, білім алушылардың білім сапасы, өмірі мен денсаулығы, білім беру процесі кезінде білім алушылар мен мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарының сақталуы үшін;

мемлекеттік мекеменің басқару органдарының нормативтік актілерін, бүйрықтарын, лауазымдық нұсқаулықта белгіленген лауазымдық міндеттерін дәлелсіз себептермен орынданмағаны немесе тиісінше орынданмағаны үшін, оның ішінде берілген құқықтарды пайдаланбағаны үшін жауапты;

білім алушының жеке басына дene және (немесе) психикалық зорлық-зомбылыққа байланысты тәрбиелеу әдістерін қолданғаны, сондай-ақ өзге де әдепсіз теріс қылыш жасағаны үшін директор еңбек заңнамасына сәйкес атқаратын қызметінен босатылуы мүмкін;

өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау ережелерін, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың санитарлық-гигиеналық ережелерін бұзу, директор Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке тартылады;

мемлекеттік мекеменің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген іс-шараларды іске асырады.

Педагогикалық қызметпен айналысуға тиісті бейіні бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдар жіберіледі.

**Жұмысқа мыналар:**

медициналық қарсы көрсеткіштері бар адамдар;

психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұрғандар. Жыл сайын жылына бір рет, оқу жылының басында педагог өзінің психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұрмайтындығын кез келген заңды тәсілмен растайды.

заңды күшіне енген сот үкіміне сәйкес педагогтың кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылғандар;

Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылғандар;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген шектеулер негізінде жіберілмейді.

Директор жұмысқа қабылдау кезінде азаматтық қызметшінің тиісті бослауазымдарына орналасуға қойылатын біліктілік талаптарын басшылыққа алады. Тиісті білімсіз педагогикалық қызметпен айналысуға жол берілмейді. Педагогикалық лауазымдар бойынша азаматтарды қабылдау тәртібін бұзғаны үшін директор жеке жауапты болады. Мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері тиісті лауазым немесе қызмет түрі үшін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

Мемлекеттік мекемені басқару нысандарының бірі педагогикалық кеңес болып табылады. Педагогикалық кеңестің құрамына: директор (төраға), оның орынбасарлары, педагогтар, тәрбиешілер, психолог, әлеуметтік педагог кіреді. Мемлекеттік мекеменің педагогикалық кеңесінің отырысына ата-аналар

комитетінің немесе қамқоршылар кеңесінің мүшелері шақырылады. Педагогикалық кеңестің құрамы директордың бүйірығымен оку жылына бекітіледі. Педагогикалық кеңес өз құрамынан хатшыны бір жыл мерзімге сайлайды.

Педагогикалық кеңес мыналарды қарастырады:

мемлекеттік мекемеде құқықтық актілерді орындау жөніндегі іс-шаралар;

оку-тәрбие және әдістемелік жұмыстың жай-күйі, оқытудың барлық нысандары бойынша оқыту әдістерін жетілдіру мәселелері, оқытудың жаңа технологияларын енгізу;

оку-тәрбие жұмысын жоспарлау мәселелері;

корытынды аттестаттауды өткізу, білім алушыларды емтихандарға жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтихандардан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа ауыстыру немесе оларды қайта курсқа қалдыру, білім алушыларды грамоталармен, мақтау қағаздарымен марапаттау, негізгі орта білімді үздік бітіргені туралы аттестаттар, негізгі орта білімді бітіргені туралы аттестаттар, белгіленген үлгідегі анықтамалар беру мәселелері;

оку жүктемесін бөлу, алдын ала тарифтеу, аттестаттауға дайындау, марапаттау және педагогтерді көтермелеу мәселелері.

Педагогикалық кеңестің жұмысы оку жылына әзірленетін жоспарға сәйкес жүргізіледі, педагогикалық кеңестің отырысында қаралады және мемлекеттік мекеменің директоры бекітеді. Педагогикалық кеңес жылына кемінде бес рет жиналады.

Мектеп жанындағы интернатқа оқушыларды қабылдау Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Мектеп жанындағы интернатқа балалардың келесі санаттары қабылданады:

мектептері жоқ елді мекендерден.

Мектеп жанындағы интернаттың жұмыс тәртібі – 5 күн (тәулік бойы).

Мектеп жанындағы интернат тәрбиеленушілері демалыс күндері (сенбі, жексенбі) үйлеріне қайтады. Тәрбиеленушілер жексенбі күні сағат 17:00-ден 18:00-ге дейін тегін тасымалдау бойынша автобус қозғалысының кестесіне сәйкес интернатқа қайтады. Интернаттағы күн тәртібі санитарлық нормаларға сәйкес белгіленді және мемлекеттік мекеменің ішкі тәртібімен бекітілді.

Мемлекеттік мекеме «Айғөлек» шағын орталығында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында толық және толық емес жұмыс күнімен білім беру қызметтерін көрсетеді. Мектепке дейінгі шағын орталық мемлекеттік мекеменің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамыту және олардың ата-аналарын баланы тәрбиелеу мен оқытуды үйімдастыруда, балаларды әлеуметтік бейімдеуде консультациялық-әдістемелік қолдау мақсатында құрылған. Шағын орталыққа қабылдау Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамасында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

14. Мемлекеттік мекемеге осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

15. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен нақты шектелген не оның директорының жарғылық құзыретін бұза отырып, қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, Қарағанды облысы әкімдігінің, прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

#### **4-тaraу. Мемлекеттік мекемені басқару**

16. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қарағанды облысы білім басқармасының «Нұра ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі тұлғасында «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

17. Қарағанды облысының әкімдігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) осы жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

«Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) мемлекеттік мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісімін береді;

4) осы жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

«Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекеменің қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін айқындайды;

4) мемлекеттік мекеме директорының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

6) мемлекеттік мекеме директорының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындауды және лауазымынан босатады;

7) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

8) «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесімен келісім бойынша мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

9) осы жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

18. Мемлекеттік мекеменің директорын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тағайындау қағидаларына сәйкес Қарағанды облысы білім басқармасының «Нұра ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі тұлғасында «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

19. Мемлекеттік мекеменің директоры мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Қарағанды облысы білім басқармасының «Нұра ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

20. Мемлекеттік мекеменің директоры дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

21. Мемлекеттік мекеме директорының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

22. Мемлекеттік мекеменің қызметті жүзеге асыруы барысында мемлекеттік мекеме директоры Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі тағайындастын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелуе және жазалау шараларын қолданады;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктері аясын айқындауды;

11) оған Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және Қарағанды облысы білім басқармасының «Нұра ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі тұлғасында «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

#### **5-тарау. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі**

23. Мемлекеттік мекеме мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

24. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

25. Егер қосымша қаржыландыру көзі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі Қарағанды облысының бюджетінен қаржыландырылады.

26. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

27. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### **6. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі**

28. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

#### **7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

29. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шешімі бойынша жүргізіледі және «Занды тұлғаларды

мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен оқілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен отеді.

## **8. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары**

30. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қарағанды облысы әкімдігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

31. Мемлекеттік занды тұлға заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

32. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

33. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі қайта бөледі.

34. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы облыстық бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

## **9. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер**

35. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Қарағанды облысы білім басқармасының  
Нұра ауданы білім болімінің  
«Нұра жалпы білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
директоры



С. Бердешова